

Бекет атаның оңтүстік өңіріндегі шұғыласы

Жұмабек Мұқанов,

*«Әйтеке би» қоғамдық қорының президенті, Шымкент облысы,
Шардара қаласы.*

Ел иесі, жер киесі—Пір Бекет!

Әбіш Кекілбайұлы

Бекет Ата ұрпақтары Оңтүстік өңіріне қилы-қилы кезеңдерде қоныс аудара бастаған. Өткен ғасырдың бас кезінде Маңғыстаудағы қоян жылының жұтында, 1929-1931 жылдардағы ашаршылық, нәубет кезеңінде бірнеше мың отбасы Мақтааралға келіп бас сауғалапты. Екінші үлкен көш— Қазақ КСР Үкіметінің шақыруы ықпал жасап, елуінші жылдардың соңғы ширегінде Мырзашөл мен Қызылқұм алқабын игеру жылдарында келген. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары да Орта Азия мен Иран, Ауғанстан, Түркия, тағы басқа мемлекеттерден жүздеген отбасыларға берекелі аймақтың дәм-тұзы бұйырған еді.

Оңтүстік өңірінде сегіз арыс Адай Атадан дүрейтін барша қауымды Бекет Ата ұрпақтары деп атайды. Алапат кезеңдерде Түрікменнің құмына, өзбектің атыраптарына, тәжіктің тауларына, тесік тастан өтіп Иран, Ауған асқан аталарымыз бен әжелеріміз Жиделі-Байсын жеріне жиналып, елім, жерім деп еміреніп келіп, суармалы жерлерді, тыңды түлету, су қоймалары мен каналдар салу, қалалар тұрғызу сияқты айрықша қайрат пен жігер табандылық пен қайсарлық қажет ететін қабырғалы жұмыстарды атқарды. Қандай да бір жұмысты бастар алдында «Уа Бекет» деп сыйынып алып іске кірісетін.

«Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы» (Алматы, 1998 жыл, 88-89 беттер) мен «Маңғыстау» энциклопедиясында (Алматы, 2008 жыл) қазақ халқының қалыптасуында көрнекті орны бар Адай Ата тарих аясына XV ғасырдың орта тұсында шыққандығы, кенже немересі Мұңалдың (Бекет Атаның бесінші бабасы) қолында бақилық болғандығы жазылған. Қара шаңырақ иесі Мұңалдың ошағы, қасиетті қара орын жұрты Қазығұрт тауының оңтүстігінде болған деген мәліметтер ежелден айтылып келеді. Демек, Адай Атаның үлкен ұлы Құдайкемен бірге Шаш (Ташкент) шаһарын азат ету жолындағы шайқастардың бірінде қаза тауып, сүйегі осы қаладан 60-70 шақырым жерге, күнбатыс жағына, Сейхундарияның бойына қойылған, әкесі Елтайдың (анасының аты Ханбибі) Сыр бойында, Шардара аймағында дүниеге келіп, өмір сүрген деген әңгіме-әпсаналардың жаны бар.

Расында, Ташкенттің батыс жағында, қазіргі Шардара қаласынан 40 шақырымдай, Сырдарияның жоғарғы жағында орналасқан (Сарыағаш ауданының Келес өңірі) Етжемес Ишан әулие қорымында соғыс жылдарында, бала кезімізде Адай Ата кесенесі жанында асық ойнайтын едік дейтін көзі тірі жергілікті ақсақалдарды білеміз. Бүгінде бақилық болып кеткен аталарымыз да осы жерді меңзейтін. Өткен ғасырдың 60-жылдары Шардара су қоймасы салынғанда дария кең жайылып, қорым тұрған жарқабақ құлап, су шайып кеткен. Тек қана қара күзде су тартылып, дария өз арнасымен аққан кезде су қоймасының табанынан шашылып жатқан адам сүйектерін ғана кездестіресіз.

Тағы бір мысал. Мұңал Бабаның кенже ұлы Шоғы батырдың (Қырықмылтық) құлпытасы 1998 жылғы археологиялық қазба жұмыстары кезінде Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі жанынан табылып, 2007 жылы Батыр ұрпақтары еліміздің түкпір-түкпірінен жиналып, ас берілгендігі де «Маңғыстау» энциклопедиясында таңбаланыпты. Батырдың аты-жөні бүгінде кесенедегі Тайқазан тұрған Ордада, осында жерленген белгілі хандар, билер, мырзалар, батырлар жазылған тізімде тұр. Мұның барлығы Сауран айналған (XVIII ғасыр) ұлы көшімізге дейінгі ортақ тарихымыз қарт Қаратау мен киелі Қазығұрт, Жиделі-Байсын жерімен тығыз байланысты болғандығын айғақтайды.

XXI ғасырда Орта Азия мен Оңтүстік өңірінде Атаның өз кіндігінен өрбіген алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы ұрпақтары ғұмыр кешуде. Әулиенің туған, жайлаған, жатқан жерлерімен қатар ұрпақтарының отбасылары да киелі саналады. Осындай қасиет ұйыған шаңырақтың бірі – Оңтүстік Қазақстан облысы Жетісай қаласындағы бүгінде салиқалы 75-жасқа толып отырған Көбен Аралбайұлының ордасы. Отбасында Пір Атаның қара шаңырағының сықырлауығының (қос тарапты есігі) маңдайша ағашы қастерлеп сақталуда. Мұнда алыс-жақыннан күн құрғатпай тәу етуге келіп жататын адам қарасы үзілмейді, жанұяның дастарханы жиылған емес. Мемлекет, қоғам қайраткерлері де арнайы ат басын бұрып кетеді. Ата ұрпағының ақ батасын көңілге медеу, өмірге сая тұтады. Көбен ақсақал зайырлы, зиялы кісі. 2009 жылдың 31 шілдесі күні Көбен аға Өзбекстанның Нұр Ата қаласында Әйтеке би кесенесінің ашылу салтанатында заманымыздың заңғар ойшылы, көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлымен кездесті. Аты мен атақ-абыройы аңызға айналған бауырымыз, губернатор Аман Төлеев пен маңғыстаулық белгілі қайраткер, көрнекті ғалым Өмірзақ Озғанбаев осы шаңырақтан дәм татып, ата ұрпағының ақ батасын алып кетті. Бұл дәстүр жалғасын таба беретіндігі күмән тудырмайды.

Бекет Атаның Жиделі-Байсын жеріндегі шұғыласы дегенде 1992 жылғы қыркүйек айында Өзбекстанның Мырзашөл ауданының орталығы Гагарин қаласында бірнеше мың адам қатысқан Ата әруағына арналған асты айтпай кете алмаймыз. Мұның алдында маусым айында Оғыландыда өткен асты ұйымдастыруға да Жиделі-Байсынның Мырзашөлінде өмір сүріп, қызмет жасаған Ата ұрпақтары белсенді атсалысқан еді. Осы аталған іргелі жиындардың ұйымдастыру алқасының құрамында болғанымызды ерекше жылы сезіммен еске аламыз.

Орайы келгенде жақсының жақсылығын айтып, нұрын тасытайық. Пір Атаның өмірдеректерін, әңгіме-әпсаналарды зерттеп, жинақтаудағы Ислам қажы Мырзабекұлының еңбегін де атап өту ләзім. Имандылық жолындағы риясыз еңбегімен қарапайым мектеп мұғалімі 1993 жылы Мырзашөл аудандық баспаханасында тұңғыш рет «Бекет Ата» кітабын шығарған еді. Адал ниетті оң талап одан әрі табанды шығармашылық ізденістермен жалғасып, оқырмандардың рухани қазынасын тағы да бірнеше сүбелі туындылармен байытты. Ақтөбедегі «Насихат» баспасынан шыққан 740 беттік «Бекет Ата» кітабы құнды энциклопедиялық жинақ деп бағалаймыз. Бүгінде Пір Атаның кіндік қаны тамған Ақмешіттің имамы болып, зайырлы істер атқарып жүрген ағамызға Алланың нұры жаусын деген ақ тілегімізді жолдаймыз.

Жиделі-Байсын жерінде басталған Пір Атаға деген ұрпақ тағзымы Алатаудың бөктерінде, Ақтөбеде, Ақмешітте жалғасып, Астананың төріне шықты. Маңғыстаудағы ұлы жиын исі қазақтың игі жақсыларының басын қосты, ғасыр оқиғасына айналды. Елдің де, жердің де мәртебесін биіктетті. Мұндай ауқымдағы, мазмұндағы ас-мереке, бәлкім, бұған дейін болмаған да шығар.

Бекет Атаның мерейтойы қарт Қаратау мен киелі Қазығұрттың баурайындағы Шымкентте биылғы қазан айында қорытындылануы да заңды құбылыс. Қашаннан халқымыздың қара шаңырағы болған аймақта Атаға тағзым жасалуы жақсылықтың нышаны. Белгілі заңгер, елімізге есімі танымал, беделді азамат Бекет Тұрғараевтың ізгі ниетімен ұйымдастырылған мереке тұғырлы тұлғаға деген ыстық ықылас пен шексіз сенімнің айнақатесіз дәлелі болды. Мұның барлығы Бекет Ата тағылымының мәңгілік рухына, шарапаты мен шапағатының алдағы ғасырларға оза беретіндігіне тағы бір көзімізді жеткізіп, көңілімізді көріктендіріп тұр.

В статье представлены исторические сведения об истории переселения потомков Бекет Ата в южные регионы Казахстана и на территорию Средней Азии. Особое уважение и почет к

ним среди местного населения автор рассматривает как отражение народной любви к легендарному предку.

This article presents historical information about the history of Beket Ata's generation in South areas of Kazakhstan and Middle Asia. The author considers local inhabitants respect and honor to him as the deep love to the legendary ancestor